

Бекітемін.
Мектеп директоры: С.Қойайдаров



**«Ісмер» үйірмесінің 2020-2021 оқу жылындағы
жұмыс жоспары**

2020 ЖЫЛ

Түсініктеме

Эстетикалық тәрбие негізінен жеке адамның эстетикалық талғамның қалыптасуына, өнер шығармаларында бейнеленген ақиқат құбылыстарды эстетикалық тұрғыдан ұғынуды дамытуға, көркем өнерпаздық қабілеттілікке және өнер саласындағы өнерпаздық дербестікке бағыттайды.

Балаларға эстетикалық тәрбие мен көркемдік білім берудің нәтижелі болуы үшін мұғалімнің өзі бейнелеу өнерінің түрлері мен өзіндік ерекшелігін жетік білуі керек.

Сурет немесе бейнелеу өнері-бұл адам баласының заманнан заманға рухани, эстетикалық байлығы ретінде ұласып келе жатқан өнер саласы. Сурет тек жеке ғана өнер саласы емес, бірнеше өнер саласының өмірге келуіне себеп болған бүкіл бейнелеу өнерінің атасы.

Сурет тарихы- бұл адамзат тарихы. Оның айналасындағы ортаны тануына, сана-сезімінің жетілуіне, эстетикалық тәрбие алуына, ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұралар қалдыруға үлкен үлес қосқан өмірмен өзектес өнер.

Сурет – бұл шежіре. Ондаған ғасырлар бойы бүкіл әлем тарихын, тіршілік тарихын шашауын шығармай, жоғалтпай жеткізген бірден-бір куәгер.

Бейнелеу өнері – ақиқат көрінетін дүниенің бейнесін кеңістікте немесе жазықтықта көрнекті суреттейтін өнердің түрі. Бұл өнер болмыстың көркем бейнесін адамның сезуінен туындайды.

Бейнелеу өнерінің сан ғасырлық даму тарихында төмендегідей түрлері мен жанрлары бөлініп шықты.

1. Кескіндеме
2. Графика
3. Мүсін
4. Сәндік қолданбалы өнер
5. Архитектура

Жалпы біз қарастырып, меңгеретініміз бұл бейнелеу өнерінің түрлері ішіндегі:

1. Кескіндеме – бұл жазықтық бетіне жағылған әртүсті бояу қабаттарының көмегімен жасалынатын өнер шығармасы. Кескіндеме де пайдаланылатын бояулар түрі – акварель және гуашь.
2. Графика – қағаз не қатырма қағазға қарындаш, қаламұш, көмір, қылқалам арқылы салынған сурет. Бұл грек сөзінен аударғанда «жазамын», «сурет саламын» деген мағына береді.
3. Сәндік қолданбалы өнердің түрлерін оқып-үйрене отырып, білім алушылар өздерінде материалды жаңаша сезіну, заттардың жоғарға эстетикалық құндылығы, декоры, ұлттық ерекшеліктерінің табиғи бірлігін түсінуді тәрбиелейді.
өнердің сәндік қолданбалы түрлерін оқу сабақтары білімге құмарлықты және өз бетінше білім алуға әдемі де пайдалы заттарды жасау процесінде көркемдік талғамды өзіндік дамыту мен қалыптастыруға ұмтылысты қанағаттандырады.

Жалпы сабақтардағы жұмыстар сызықтық әзірлемелерден, тондық және эскиздік жұмыстармен жалғасын тауып, яғни қарапайымнан күрделіге принципі бойынша жүзеге асырылады.

Күтілетін нәтижелер

- Бейнелеу өнерінің сан қырлы тұстарын білу;
- Сөздіктердің мағынасын біліп қана қоймай, сол арқылы дұрыс жұмыс жасауды;
- Штрихтау туралы білуі;
- Суретте қолданылатын құрал-жабдықтарды меңгеруі;
- Перспектива заңдылықтары туралы мағлұматты меңгеруі;
- Сәндік-қолданбалы өнер түрлерімен танысады
- Нақты түстермен жұмыс жасай алу;
- Әр заттың көлемін білдіретін түстерді таба білуді;
- Сұлбаларын салуды жаттығулар жасауды;
- Өз ойларын ұштастырып, шығармашылықпен жұмыстануды;
- Қылқаламмен, губкамен т.б. құралдармен жұмыс жасай біледі;

Бекітемін:

Б.Карагулов

Аудандық оқушылар үйінің директоры:

Аудандық оқушылар үйі
«Ісмер» үйірмесінің
2020-2021 оқу жылындағы жұмыс жоспары

«Ісмер» үйірмесінің жетекшісі: Абилова.А

2020 ЖЫЛ

1-5 сыныптарға арналған оқу-тақырыптық жоспары

Апталық сағат саны-6

Жылдық оқу аптасының саны-36

Жылдық сағат саны-216

№	Өтілетін тақырыбы	Барлық сағаты	Осының ішінде		Күні
			Теориялық жағы	Тәжірибелік жағы	
1	2	3	4	5	6
1	Кіріспе әңгіме	3	3		15.09
2	Плэнер ұйымдастыру	3		3	17.09
2.1	Плэнер ұйымдастыру	3		3	22.09
3	Сурет-бейнелеу негізі. Сызықтық бейнелеу .	6	1	2	24.09.
3.1	Сызық түрлері.		1	2	26.09
4	Долбар. Штрих түрлері.	3		3	01.10
5	Перспектива туралы түсінік беру	3	3		06.10
6	Натюрморт туралы түсінік беру. Конструкциялық бейнелеу.	3	3		08.10
7	Натюрмортты салу.	9	3		13.10
7.1	Қағаз бетіне дұрыс орналастыру			3	15.10
7.2	Құрылымын салу, түстік шешімдерін табу			3	20.10
8	Жұмсақ материалдар түрлері.	9	3		22.09
8.1	Суретті қағазға дұрыс орналастыру(компановка)			3	27.09

8.2	Жұмсақ материалдармен жұмыстану. (көмір, пастель)			3	03.11	
9	Бояулар құпиясы	3			05.11	
10	Дақтарда сыр шертеді.	6	3		10.11	
10.1	Дақтармен сурет салу.				3	12.11
11	«Күз» . Жылы түстер	6	1	2	17.11	
11.1	Жылы түстер арқылы сурет салу				3	19.11
12	Жапырақтарды бастырмалау.	6	1	2	24.11	
12.1	Жапырақтарды бастырмалау әдісі арқылы бейне шығару				3	26.11
13	Этюд	6	1	2	01.12	
13.1	Этюд тәсілімен суреттер салу				3	03.12
14	Күзгі ағаш бейнесі (апликация апликациясы)	12	3		08.12	
14.1	Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау				3	10.12
14.2	Күзгі ағаш бейнесінің нобайын салу				3	15.12
14.3	Апликация техникасымен ағашымыздың бейнесін шығару				3	17.12
15	Портрет салу. Құрылымын түсіндіру.	6	1	2	22.12	
15.1	Ақшақар бейнесін түстік шешімде шығару.				3	24.12
16	Жаңа жылдық бейнелер. Құрылымын салу	6		3	29.12	

16.1	Жаңа жылдық бейнелердің түстік шешімде шығару.			3	31.12
17	Дәстүрлі емес бейнелеу техникасы. Түрлерімен таныстыру.	12	3		05.01
17.1	Граттаж техникасында сурет салу. Майшаммен қағаз бетін дайындау. Дайындалған қағазымызды бір түске бояу.			3	07.01
17.2	Суретіміздің нобайын салу			3	12.01
17.3	Нобайымыз бойынша граттаж әдісімен суретіміздің қыру арқылы бейнесін шығару.			3	14.01
18	Декоративті сувенирлер немесе паннолар		3		19.01
18.1	Тарелкаға сурет салу, құрал-жабдықтарын дайындау.	12		3	21.01.
18.2	Нобаймен жұмыстану. Түстік шешімдерін нақтылау.			3	26.01.
18.3	Тарелкаға нобайға қарай отырып, суретімізді түсіру.			3	28.01
19	Квиллинг. Әртүрлі композицияларды орындау		3		02.02
19.1	Квиллингке қажетті құрал жабдықтарын дайындау			3	04.02
19.2	Квиллинг тәсілімен қағаздарды қиып алу.			3	09.02
19.3	Квиллинг тәсілімен қағаздарды орауды үйрену. Қол жаттықтыру.	24		3	11.02
19.4	Квиллинг тәсілімен қағаз орау.			3	16.02
19.5	Квиллинг тәсілімен қағаз орау.			3	18.02
19.6	Жасалатын жұмыстың нобайын орындау, жұмысты бастау			3	23.02
19.7	Жұмысты аяқтау.			3	25.02
20	Көктемгі ашықхаттар әзірлеу. Қажетті құрал жабдықтарын түгендеу, нобайын жасау.	6		3	02.03

20.1	Ашықхатты жасау, гүлдермен әсемдеу. Көлемді гүлдерді жасау.			3	04.03
21	«Гүлдер» композициясы, нобайын дайындау	6		3	09.03
21.1	«Гүлдер» композициясын жасау.			3	11.03
22	«Құстар мекені» аппликация. Қажетті құралдармен таныстыру.	12	3		16.03
22.1	«Құстар мекені» нобайын әзірлеу.			3	18.03
22.2	Нобайы юойынша керекті қиықтарды қағаздан қиып алу.			3	23.03
22.3	Қиықтарды нобай бойынша орналастыру.			3	25.03
23	Гризайль техникасы.	12	3		30.03
23.1	Гризайль техникасымен жұмыстану үшін алдымен қол жаттықтыру.			3	01.04
23.2	Гризайль техникасында табиғат бейнесін салу жолдарын түсіндіру			3	06.04
23.3	Табиғат бейнесін салу(этюд)			3	08.04
24	«Гүлдер» аппликация. Қажетті құрал-жабдықтарын түгендеу.	12	3		13.04
24.1	Нобайын әзірлеу.			3	15.04
24.2	Көлемді гүлдерді жасау техникасын үйрету.			3	20.04
24.3	Аппликацияны орындау, аяқтау.			3	22.04
25	Балықтар әлемі.	9	3		27.04
25.1	Балықтар әлемі суретін салу, құрылымын, қағазға дұрыс орналастыру.			3	29.04
25.2	Түстік шешімдерін нақтылау. Суретті аяқтау.			3	04.05
26	Сүйкімді марғаулар	6		3	06.05

26.1	Сүйкімді марғауларды түстік шешімде орындау. Суретті аяқтау.			3	08.05
27	Жазғы пейзаж. Үлгі бойынша пейзаж салу.	6		3	11.05
27.1	Түстік шешімдерін, колоритпен жұмыстану.			3	13.05
28	Жылдық жұмыстарды дайындау	3		3	18.05
29	Көрме	3		3	20.05
		216	15	201	

Оқу бағдарламасының мазмұны

1- тақырып. Кіріспе – 3 сағат

Үйірме бағдарламасында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштауға көмектесетін жанрлар жан-жақты қамтылған.

Сурет салу баланың кеңістіктік ойлау, елестету қабілетін, эстетикалық талғамын дамытады, еңбексүйгіштікке тәрбиелейді.

Үйірмеге қатысатын оқушылар – ерекше қабілетті және бейнелеу өнеріне, жалпы өнерге деген қызығушылығы бар балалар.

Мұғалім баланың қызығушылығын арттырумен қатар, жаңа әдіс-тәсілдерді, техникаларды оқушыға үйретуге міндетті.

Мақсаты:

Бейнелеу өнері пәні бойынша оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, теориялық және тәжірибелік іскерліктерін шыңдау. Оқушыға әр нәрсенің құрылысын айқындап, бейнелеу, заттың көлемі, пішінін дәл беруге оқыту және әдіс-тәсілдерін игерту, көркемдік білім беру, бейнелеу сауаттылығын арттыру.

Мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер алға қойылады:

- Қызығушылығын ояту, құралдармен жұмыс жасау, бейнелеу өнерінің түрлерімен танысу, алған білім-білік дағдыларын бекіту және қолдану аясының кеңдігін көрсету;
- Көркемдік-шығармашылық – сыни ойларын іске асыруда шығармашылықпен ойластыру және елестету, түстерді қолдану, оқушылар үшін қолжетімді техникалармен сурет салу тиімділігін анықтау
- Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, тазалыққа, әсемдікке сүйсіне білуге, талғампаздыққа тәрбиелеу

2- тақырып. Плэнер ұйымдастыру- 6 сағат

Плэнер (фр.-ашық ауа) – айнала қоршаған атмосферамен күн сәуле әсеріне байланысты кескіндеме ағымы. Бұл әдіс натураның шынайылығын білдіру үшін ашық далада сурет салудың қалыптасуы.

Тапсырма:

- Гүлдер бейнесін натураға қарап салу;

- Ағаш бейнесін натураға қарап салу;
- Аспанды натураға қарап салу.

Мақсаты: Оқушылардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру.

Міндеті: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

3-тақырып: Сурет-бейнелеу негізі. Сызықтық бейнелеу – 6 сағат

Мақсаты: Сызықтық бейнелеу туралы мағлұмат беру.

Міндеті: Сызықтық бейнелеудің жасалу жолдарын дұрыс қолдану, бейнелеу.

Сызық қандай да бір заттың аумағын бейнелейтін жиек шекарасын түзеді. Егер ойлана қарайтын болсақбүкіл тіршілік әр алуан сызықтардан тұрады. Бейнелеу өнеріндегі сызықта нүкте болғанда қимылсыз, нүктеден сызыққа ұласқанда әдемі иірім жасап, белгілі бір әсерлі қимыл жасайды.

Сурет өнеріндегі негізгі бейнелеу әдісі-сызықтық бейнелеу. Осыдан реңдік бейнелеу туады, яғни ол штрихтар көмегімен салынады. Сызықтық бейнелеу аса бай шеберлікті, ұқыптылықты талап етеді.

4-тақырып: Долбар. Штрих түрлері. – 3сағат

Мақсаты: Долбар туралы түсінік беру. Штрих түрлерін нақтылау.

Міндеті: Долбарларды бейнелеу жолдарын меңгеру. Штрих түрлерін меңгеру.

Долбар(набросок)- суретші туындысының алғашқы жобасы. Суретшіні шығармашылық ізденіске, ойлылыққа жетелейді.

Штрих- қандайда бір заттың жарық, көлеңкесінің қоюлығын беріп, оның формасын ашуға қатынасады. Штрихтар түрлері – керегөз, доғал, көлбеу, бір бағыттағы түзу штрихтар т.б..

5-тақырып. Перспектива туралы түсінік беру-3сағат

Мақсаты: Перспектива туралы мағлұмат беру.

Міндеті: Перспектива заңдылықтарын сурет салуда қолдана білу.

Перспектива – латынның «тасадан көру» деген сөзінен шыққан. Перспектива заңдылықтары өте көп. Мысалы. Зат неғұрлым бізден алыс болса, ол соғұрлым кішкентай болып көрінеді. Паралель сызықтар бізден алыстаған сайын бір нүктеге тоғысады. Перспективаны пайдаланғанда көкжиек сызығын ұмытпауымыз керек. Көкжиек сызығы адам көзінің көру бағытының деңгейіне дәл келеді.

Негізгі заңдылықтары:

1. Сызықтық перспектива заңдылықтары

- белгілі бір бұрышпен көкжиек сызығына қарай бағытталған паралель емес сызықтар бір нүктеде түйіседі.
- Бақылаушының көз деңгейінде жатқан көлбеу сызық – көкжиек сызығы.

2. Ауа перспективасының заңдылығы

-бақылаушыға жақын орналасқан нәрсенің түстері ашық айқын, алыстағы нәрсенің түстері солғын, жиынтық түс түрінде келеді.

- жалпы алыстағы түстер ауа қабаты әсерінен көгілдір тартып тұрады.

3. Жарық және көлеңке перспективасы заңдылығы

- жарық көзі мен бақылаушының арасында тұрған нәрсе өз түсінен қараңғы болып көрінеді.

- алдыңғы аймақта орналасқан бейнені анықтап шығару

6-тақырып. Натюрморт туралы түсінік беру. Конструкциялық бейнелеу. – 3сағат

Мақсаты: Натюрморт туралы түсінік

Міндеті: натюрмортты дұрыс бейнелеу жолдарын меңгеру.

Натюрморт - француз тілінен аударғанда «өлі табиғат» немесе «тыныш қозғалмайтын зат» деген мағына береді. Натюрморт арқылы табиғи өмірді, заман келбетін, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпын, тарихын танып білуге болады.

Натюрморт саларда алдымен орнымызды белгілеп, содан кейін натюрморт құрылымымен жіті танысып, содан кейін қағазға орналастырамыз. Қағазға түсірудің де өзіндік ережелері бар.

1. зат бейнесінің орналасуын анықтау;
2. құрылымын табу,
3. пішінін айқындау;
4. түйін немесе суреттің аяқталуы.

7-тақырып. Натюрмортты салу. Құрылымы – 9сағат.

Мақсаты: Натюрморт туралы түсінік

Міндеті: натюрмортты дұрыс бейнелеу жолдарын меңгеру. Штрих түрлерін білуі.

Тапсырма: екі денеден құралған натюрморт.

Қажетті құралдар: қағаз, қарындаш, өшіргіш.

Натюрморт саларда алдымен орнымызды белгілеп, содан кейін натюрморт құрылымымен жіті танысып, содан кейін қағазға орналастырамыз. Қағазға түсірудің де өзіндік ережелері бар.

1. зат бейнесінің орналасуын анықтау;
2. құрылымын табу,
3. пішінін айқындау;
4. түйін немесе суреттің аяқталуы.

Натюрмортты штрихтар арқылы бейнелеу.

8-тақырып. Жұмсақ материалдармен жұмыстану. Жұмсақ материалдар түрлері- 9сағат

Мақсаты: Жұмсақ материалдар түрлерімен таныстыру.

Міндеті: Жұмсақ материалдарды пайдалана отырып, долбарларды дұрыс бейнелей білуі.

Жұмсақ материалдар: сангина, көмір, майлы қарындаштар, пастель және т.б.

Тапсырма: еркін тақырыпта долбарлар салу.

Сурет салудың кезеңдерін сақтай отыра, қалаған суретімізді қағазға түсіру.

(Қажетті құралдар: қағаз, көмір, майлы қарындаштар, пастель)

9-тақырып. Бояулар құпиясы – 3 сағат.

Мақсаты: Бояулар құпиясын ашу

Міндеті: Бояу түрлерін есте сақтау. Сурет салуда ұтымды пайдалану.

Бояуларды зерттейтін ілім – түстану. Жалпы түстер хроматикалық және ахроматикалық болып бөлінеді. Ахроматикалық түстер- ақ және қара түстер. Негізгі түстерге: сары, қызыл, көк. Сонымен қатар жылы және суық түстер болып бөлінеді.

Негізгі түстер арқылы біздер қосымша түстер аламыз. Мысалға, сары+көк =ЖАСЫЛ түс береді; қызыл+көк=күлгін; қызыл+сары=сарғыш

10-тақырып. Дақтарда сыр шертеді. Дақтармен сурет салу-6 сағат

Мақсаты: Тақырыптың маңыздылығымен танысады.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады.

(Қажетті құралдар: акварель бояуы, қылқалам, су)

11- тақырып. «Күз» жылы түстермен сурет салу-6 сағат.

Мақсаты: Тақырыптың маңыздылығымен танысады.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады.

Тапсырма: жылы түстерді пайдалана еркін тақырыптарда сурет салу. Сурет салу барысында кезеңдерді, перспективалық заңдылықтарды сақтай отыра, сонымен қатар күзгі пейзажды жылы түстермен бейнелейді.

Пейзаж француз сөзінен аударғанда табиғат деген мағына береді.

Сурет салу кезеңдері:

- Көкжиек сызығын бейнелеу. Алыс-жақын бейнелерді қағаз бетіне перспектива заңдылықтарына байланысты орналастыру.
- Бейнелер көлеңкелерін кеңістікте бейнелеу. Алыстағы бейнелерді солғын түстермен бояу, жақын бейнелерді ашық түстермен келтіру.
- Боялмаған көріністерді бояу, жақын тұрған бейнелерді анықтап бояп, суретімізді аяқтау.
- (Қажетті құралдар: қағаз, акварель бояуы, қылқалам, су)

12- тақырып. Жапырақтарды бастырмалау арқылы бейнелер шығару-6сағат.

Мақсаты: бейнелеу жолдарын түсіндіру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

Тапсырма: Ағаш жапырақтарын бастырмалау арқылы бейнелер салу.

Салу жолдары:

- Сурет салу кезеңдерін сақтау
- Қағазға дұрыс орналастыру
- Жапыраққа бояуымызды жағып, оны қағазға бастырамыз
- Еркін тақырыптағы бейнелерді өз бетімен орындау.

(Қажетті құралдар: қағаз, акварель бояуы, қылқалам, су, жапырақтар әртүрлі пішіндегі)

13- тақырып. Эюдтар-6сағат

Мақсаты: Эюд сөзін түсіндіру. Техникамен таныстыру, салу жолдарын көрсету.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

Эюд дегеніміз – қысқа мерзімді сурет. Яғни эюд салған кезде бізге жылдамдық өте қажет. Көрген әсерлі бейнені, не болмаса табиғат көрінісін лезде қағаз бетінетүсіріп алу.

Тапсырма: өзімізге ұнаған бейнені, не болмаса табиғаттағы құбылысты қағаз бетіне түсіру.

Ескерту: сурет заңдылықтарын әсте естен шығармау.

(Қажетті құралдар: қағаз, акварель бояуы, қылқалам, су, не болмаса қарындаштар, фломастерлер немесе қаламдар)

14- тақырып. Күзгі ағаш бейнесі (апликация техникасы)-12сағат

Мақсаты: Апликация туралы түсінік беру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

Апликация латын сөзінен аударғанда жабыстыру, жалғастыру деген мағына беретін сәндік қолданбалы өнердің бір түрі. Яғни қию арқылы қағаздан, матадан, картоннан клей көмегімен бейнелер шығару.

Көлеміне қарай:

- Көлемді(шығыңқы)
- Тегіс

Түсіне қарай

- Бір түсті
- Көп түсті
- Ақ пен қара

Тақырыбына қарай

- Заттай
- Сюжеттік картина
- Сәндік қолданбалы болып бөлінеді.

Жасау тәсілі:

- Бүгу
- Қию
- Үзіп алу
- Жабыстыру
- Клейлеу

Тапсырма: ағаш бейнесін әртүрлі материалдар көмегімен көлемді етіп жасау.

Қажетті құралдар: түрлі түсті қағаздар, картондар, фоамирандар, клей, қайшы, т.б.

Қайшымен жұмыс істеу тәртібі:

1. Қайшыны жолдасыңа үшкір жағын өзіңе қаратып бер;
2. Қайшының жүзін жабық түрінде келтіріп, партаның оң жағына қой.

Желіммен жұмыс істеу тәртібі:

1. Желім құйылған ыдыстың аузын нығыз жабылуы керек;
2. Желіммен жұмыс жасап болғаннан кейін, міндетті түрде қолыңды жууың керек;
3. Жұмыс кезінде арнайы сүлгі ұстауың керек.

15- тақырып. Портрет салу әдісі ақшақар бейнесі-6сағат

Мақсаты: Портрет туралы түсінік.

Міндеті: портретті салу жолдарын меңгеруі.

Портрет- адам бейнесін бейнелеу.

Адам басын бейнелеу 3 кезеңмен қарастырылады.

1-кезең. Суреттің дәл шығуы осыған байланысты. Заңдылықтарды сақтай отыра бастың негізгі формасын саламыз. Содан кейін бастың бұрылу бағытын көрсетіп, ортаңғы тік сызықты сызамыз, паралель сызықтар жүргізіп негізгі пропорция белгілейміз.

2-кезең. Негізгі пішіндерді саламыз. Мұрынның ені көздің ұзындығы болып табылады. Мұрын ені бастың көлденең өлшемі. Мұрынның 7 есе ені бастың көлденең өлшемі құлақты қоса есептегенде. Бастың биіктігі мұрынның ұзындығынатең.

Көз бен құлақты бейнелегенде екі жақты да бірдей алып отыруымыз шарт.

3-кезең. Шашты салу. Шашты салғанда оны салыстырмалы түрде қоюлығын ескеруіміз керек. Ескерте кететін бір жайт осы кезеңде көзге үлкен назар аудару керек. өйткені ол адам бетінің айнасы.

Тапсырма: осы көрсетілген өлшемдерді сақтай ақшақар портретін салу.

(Қажетті құралдар: қағаз, акварель бояуы, қылқалам, су, не болмаса қарындаштар.)

16- тақырып. Жаңа жылдық бейнелер-бсағат

Мақсаты: бейнелеу жолдарын түсіндіру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Тапсырма: еркін тақырыптарда суреттер салу.

(Қажетті құралдар: қағаз, акварель бояуы, қылқалам, су, не болмаса қарындаштар, фломастерлер немесе қаламдар)

Ескерту: сурет салу кезеңдерін есте сақтау

17- тақырып . Дәстүрлі емес бейнелеу техникасы-12 сағат.

Мақсаты: бейнелеу жолдарын түсіндіру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Дәстүрлі емес бейнелеу техникасы оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттырады.

- Граттаж
- Кляксография
- «Жіп» графикасы
- Саусақпен сурет салу
- Тұзбен сурет салу
- Балауызбен сурет салу т.б.

Бұл әдістер оқушылардың ой-өрісін өсіреді, еркіндік, шабыт береді, сонымен қатар танымын кеңейтеі.

Бірнеше заттарды бейнелеп, мазмұнды сурет салуға, композиция құруға үйретеді. Бейнелеу нәтижесінде ерекше кайталанбайтын туындылар дүниеге келеді.

Граттаж – француз сөзінен аударғанда тарау, тырнау деген мағына береді. Бұл техникамен 20ғасыр суретшілері айналысты.

Жұмысты орындау:

1. қағаз бетіне майшамды тегістеп жағып шығады, бірнеше қабат;
2. жалпақ қылқаламмен немесе мақтамен үстінен біртекті етіп тушьпен бояйды.
3. қара өңдік қабат дайын болғаннан кейін, өткір зат ине немесе пышықпен, тоқыма біздерімен тырналап бейне сурет салынады.

Қара өңге нәзік, жіңішке штрихтар беріліп, нәтижесінде бейне бір жеңіл жұмбақ күйінде көрінеді, әсерлі ақ бейнелер пайда болады.

Тапсырма: еркін тақырыппен композиция құру, одан әрі оны осы техникамен қағаз бетіне түсіру.

Ескерту: сурет салу кезеңдері, перспективалық заңдылықтарын сақтаймыз.

18- тақырып . Декоративті сувенирлер немесе паннолар -12 сағат

Мақсаты: Жасалу жолдарын түсіндіру, мағлұмат беру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру. Жалпы сәндік паннолар оқушының қызығушылығын арттырып, өзіндік қабілетін дамытуға үлкен үлес қосады.

Бұл тақырыптарда оқушының қызығушылығы пайда болған техникамен жұмыстанамыз.

- Коллаж
- Сувенирлер, букеттер және т.б.

Коллаж – түрлі материалдардан жазықтық немесе кеңістік композиция. Эскиз бен мазмұнға сәйкес жұмыс материалы таңдалады. Жұмыс барысында композициялық құрылымның күтпеген тәсілдерін пайдалануға жол беріледі. Бір қарағанда сәйкес келмейтін материалдарды да пайдалануға мүмкіндік аламыз.

Қажетті құралдары; мата, қайшы, клей, тастар, моншақтар, былғарылар және т.б.

Тұзды қамырдан жасалған - рельефті панно. Элементтерінің орындалуы: илеу, пішінге келтіру, кептіру, грунттау, бояумен әрлеу, лактау.

Қажетті құралдары: тұз, ұн, тұзды қамыр, лак, бояулар, картон.

19- тақырып.Квиллинг. Әртүрлі композицияларды орындау-24сағат

Мақсаты: Жасалу жолдарын түсіндіру, мағлұмат беру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларды дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру. Жалпы сәндік паннолар оқушының қызығушылығын арттырып, өзіндік қабілетін дамытуға үлкен үлес қосады.

Квиллинг- қағаз таспаларын шиыршықтап орау және олардан әртүрлі формалар ала отырып, көлемді заттар не жазық бетте композиция құрасыру өнері.

Квиллинг ағылшынның «quilling», «quill» деген сөзінен шығады. Қазақша мағынасы «құс қанаты». Бұл қолөнер түрінің басты материалы қағаз, өзіміз жақсы білетін оригами өнеріне ұқсайды. Бірақ Оригами өнері Жапониядан шықса, квиллинг өнері 14 ғасыр соңы мен 15 ғасыр басында Еуропада пайда болды. Қазіргі кезде Оңтүстік Корей елінде қағаз пластикасы шығармашылығының сан түрімен айналысатын қолөнершілердің басын қосатын Ассоциация жұмыс істейді.

15 ғасырда квиллинг өнер саналды. Ал 19 ғасырда – ол әйел адамдардың ермегі деп есептелді. 20 ғасырдың соңынан ғана бастап квиллинг аса кең тараған өнер түріне айнала бастады.

Ұлыбританияда Елизавета патшайым квиллингпен үлкен қызығушылықпен айналыса бастады. Қазір оның көптеген туындылары Лондондағы Виктория мен Альберт мұражайында сақтаулы.

Қағаз біздер үшін төзімсіз, сенімсіз материал болып саналады. Бірақ квиллинг әдісімен жасалған тақтайшаға құмыра немесе кітап қоюға болады. Сондай ақ қағаз шиыршықтардан тәтті салатын ыдыс, сиясауыт немесе құмыра жасауға болады.

Айта кетер бір жай, корей квиллинг мектебінің Еуропа мектебінен өзгешелігі бар.

Еуропалық квиллинг туындылары шамалы бөлшектерден тұрады және көбіне құттықтау қағаздарын, сурет жақтауларын безендіру үшін қолданылады. Еуропа тез орындалатын техникаға ұмтылады. Ал шығыстық шеберлер зергерлік өнер туындыларын еске түсіретін өте нәзік көптеген бөлшектерден құрылатын көлемді шығармалар жасайды.

Квиллингке керекті құралдар:

Квиллингке керек құралдар да әртүрлі. Еуропада қағазды шиыршықтап орау үшін бас жағы кертілген пластмас немесе металл таяқша қолданады. Кейбірі мұндай құралды кәдімгі қаламның сиясы біткен пастасынан жасап алады. Алайда мұндай құралмен жасалған шиыршық дөрекі көрінеді. Дегенмен балалар үшін бұл жарай береді. Шығыс шеберлері жіңішке біз қолданады. Оны кәдімгі инеден қолдан жасап та алуға болады. Бұл техникада алғаш рет жұмыс жасау үшін мекетеп оқушыларына тістазалағыш таяқшалар да жақсы құрал болып табылады.

Біз немесе бізді алмастыратын қандай да бір басқа құрал. Қайшы.

Желім. Желімнің сапалы болуына жұмыстың жалпы сыртқы көрінісі тікелей ғаны дұрыс және кепкеннен кейін көрінбеуі тиіс. Кәдімгі қарындаш тәріздес желім өте жақсы келеді.

Қағаз.

Квиллинг техникасында басты матери ал түрлі түсті қағаз таспалары. Бұл қағаздың кәдімгі қағаздардан ерекшелігі: дайын таспа күйінде болады және олар тығыздығымен, икемділігімен ерекшеленеді. Біз түрлі түсті компьютерге арналған баспа қағаздарын қолданамыз. Ол қағаздардан алдын ала 3-9 мм шамасында жіңішк таспалар тілеміз. Бәрі сіздің жұмысыңыздың ерекшелігіне байланысты. Панно немесе құттықтау қағазын жасау үшін 3 мм таспа қолданған дұрыс. Бірақ кей гүлдерді жасау үшін сіз 7 мм таспаны қолдансаңыз да болады.

Квиллинг техникасы.

Бір қарағана бұл техникада ешқандай қиындық жоқ. Қағаз таспалардан тығыз спираль жасалады. Алдымен таспаны біздің басына жақсылап орайды. Нәтижесінде тығыз спираль алынуы керек, ол кейін жасалатын барлық фигуралардың негізі. Содан соң спиральды қажетті көлем пайда болғанша дейін босатамыз да одан өзімізге қажетті форманы жасап аламыз. Қағаздың ұшын желім жағып бекітеміз. Негізгі фигуралардың көптеген түрлері бар, алайда сіз өзіңіз олардан өзгеше жаңа форма тауып алуыңызға да болады. Барлығы сіздің шығармашылығыңызға байланысты.

Орындалу жолдары: элементтерді дайындау әртүсті қағаздардан жіңішке жолақша қиып алып, соны шиға орап бекіту желімнің көмегімен, дөңгеленген пішінді эскизімізге қарай әртүрлі пішінге келтіруге болады.

Сызбасын, эскизін дайындап алу. Содан кейін эскиз бойынша картон қағазға көшіріп алып, дайындаған элементтерді желіммен жапсыру.

Тапсырма: еркін тақырыпта композиция құрастыру.

20- тақырып. Көктемгі ашықхаттар әзірлеу-6 сағат.

Мақсаты: қағаздан ашықхаттар жасауды үйрету

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларды дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

Тапсырма: Ашықхаттар дайындау.

Қажетті құрал-жабдықтары: қағаз, фоамиран, қайшы, клей, ленталар, тастар, сызғыш т.б.

Орындалуы: 15*20 см көлемінде қағаз аламыз. Оны бүктеу тәсілі арқылы ашықхатымызды жасаймыз. Одан кейін дизайнына көңіл аударамыз. яғни бірнеше түсті үйлестіре жапсырамыз. Сосын жүрекше қиып, ашықхаттың дәл ортасына жүрекше орналастырамыз. Жүрекшені фоамираннан қиып аламыз. Дәл ортасынан лента жүргізіп байлаймыз. Жүрекше орнына көбелекте жасауымызға болады.

21- тақырып. «Гүлдер» композициясы-6сағат.

Мақсаты: гүлдерді дұрыс орналастыра бейнелеу.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларды дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

Тапсырма: берілген нұсқа қарап гүлдер композициясының үйлесімділігін көрсете білу.

Қажетті құралдар : акварель, су, қылқалам, қағаз.

Орындалуы: Қағазға дұрыс орналастыру, тепе-теңдік, жарық пен көлеңкені көрсете білу, суретті аяқтау. Сурет салудағы негізгі заңдылықтарды естен шығармау.

22- тақырып. «Құстар мекені» аппликация-12 сағат.

Мақсаты: қағаздан құстар жасау.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларды дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

Тапсырма: құстар бейнесін қағазбен жасау.

Қажетті құрал-жабдықтары: қағаз, фоамиран, картон, қайшы, клей, ленталар, тастар, сызғыш т.б.

Жасау тәсілі:

- Бүгу
- Қию
- Үзіп алу
- Жабыстыру
- Клейлеу

23- тақырып. Гризайль техникасы-12сағат

Мақсаты: Гризайль техникасы туралы түсінік беру. Бейнелеу жолдарын түсіндіру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Гризайль техникасы-(фр. Grisaille-Сұр) - бір түстің, көбінесе сепияның немесе Сұрдың тоникалық градациясымен орындалатын кескіндеме түрі, сонымен қатар боялған рельефтер мен басқа сәулет немесе мүсін элементтерін жасау техникасы. Гризайлиде тек заттың тонусы ескеріледі, ал түс маңызды емес.

Кескіндеме техникасы Гризайль стиліндегі жұмыстың басты ерекшелігі-оның монотондылығы. Дәстүр бізге сұр және ақ немесе қоңыр және ақ түстердің үйлесімін қолдануды айтады, бірақ өнерге заманауи көзқарас кескіндеме үшін маңызды кез-келген түстерді қолдануға мүмкіндік береді, егер бұл қажеттілікке байланысты болса. Сіз кез — келген материалдармен гризайль стилінде сурет сала аласыз-сіз май, темперамент, акрил, гуашь акварельін және тіпті сепияны қолдана аласыз.

Оқушылар үшін гризайль-өте маңызды әдіс, ол тонды зерттеуге, бір реңктің тонусын түсінуді үйренуге мүмкіндік береді. Ол стандартты түстердің ауқымын ашады, бұл жұмысты көркем етуге мүмкіндік береді. Егер мұндай жұмыс сізге қиын немесе тіпті мүмкін емес болып көрінсе, онда біздің мұғалімдер сізге осы сенімді жоюға көмектеседі.

Гуашь- бояудың бір түрі. Оны қағазға тигізбес бұрын суға езіп аламыз. Бірақ акварель бояуынан ерекшелігі қағаз бетіне қою, қалың, тегіс болып жағылады. Ақ түсті пайдалануға болады.

Тапсырма: Гризайль техникасындағы жұмыс принципін түсіну үшін қарапайым заттардан — ваза, алма, әйнектен бастауға кеңес береміз

Жұмыстың реттілігі келесідей:

1. Қарындаш сызбасын жасаңыз, тақырыпты дұрыс құрыңыз.
2. Бояу қабатын барлық қараңғы жерлерге жағыңыз, жарықтандырылған жерлер мен ақ дақтарды бояумен жаппаңыз.
3. Материалға байланысты бірінші қабаттың толық кебуін күтіңіз.
4. Жарты тонды атап, ең қараңғы жерлерді тереңдетіңіз.
5. Екінші қабат кептірілгеннен кейін, ақ заттармен біз объектінің ең жеңіл аймақтарын атап өтеміз.

24- тақырып. «Гүлдер» аппликация-12сағат.

Аппликация латын сөзінен аударғанда жабыстыру, жалғастыру деген мағына беретін сәндік қолданбалы өнердің бір түрі. Яғни қию арқылы қағаздан, матадан, картоннан клей көмегімен бейнелер шығару.

Көлеміне қарай:

- Көлемді(шығыңқы)
- Тегіс

Түсіне қарай

- Бір түсті
- Көп түсті
- Ақ пен қара

Тақырыбына қарай

- Заттай
- Сюжеттік картина
- Сәндік қолданбалы болып бөлінеді.

Жасау тәсілі:

- Бүгу
- Қию
- Үзіп алу
- Жабыстыру
- Клейлеу

Қайшымен жұмыс істеу тәртібі:

3. Қайшыны жолдасыңа үшкір жағын өзіңе қаратып бер;
4. Қайшының жүзін жабық түрінде келтіріп, партаның оң жағына қой.

Желіммен жұмыс істеу тәртібі:

4. Желім құйылған ыдыстың аузын нығыз жабылуы керек;
5. Желіммен жұмыс жасап болғаннан кейін, міндетті түрде қолыңды жууың керек;
6. Жұмыс кезінде арнайы сүлгі ұстауың керек.

Тапсырма: гүлдердің қағаздан көрсетілген әдістер бойынша жасап, қағаз бетіне жапсыру. Эскизін алдын ала жоспарлау.

Орындалуы: эскизін дайындау, эскиз бойынша элементтерді жасап, қатты қағазға орналастыру.

Қажетті құралдар: қағаз түрлі-түсті, қайшы, желім, картон т.б.

25- тақырып. Балықтар әлемі-9сағат

Мақсаты: бейнелеу жолдарын түсіндіру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

Тапсырма: Балықтардың бейнесін салу.

Салу жолдары:

Сурет салу кезеңдері:

- Көкжиек сызығын бейнелеу. Алыс-жақын бейнелерді қағаз бетіне перспектива заңдылықтарына байланысты орналастыру.
- Бейнелер көлеңкелерін кеңістікте бейнелеу. Алыстағы бейнелерді солғын түстермен бояу, жақын бейнелерді ашық түстермен келтіру.
- Боялмаған көріністерді бояу, жақын тұрған бейнелерді анықтап бояп, суретімізді аяқтау.
- Ұсақ детальдарды бейнелеу

(Қажетті құралдар: қағаз, қарындаш, акварель бояуы, қылқалам, су.)

26- тақырып. Сүйкімді марғаулар-6сағат

Мақсаты: бейнелеу жолдарын түсіндіру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

Тапсырма: марғаулардың бейнесін салу.

Сурет салу кезеңдері:

- Көкжиек сызығын бейнелеу. Алыс-жақын бейнелерді қағаз бетіне перспектива заңдылықтарына байланысты орналастыру.
- Бейнелер көлеңкелерін кеңістікте бейнелеу. Алыстағы бейнелерді солғын түстермен бояу, жақын бейнелерді ашық түстермен келтіру.
- Боялмаған көріністерді бояу, жақын тұрған бейнелерді анықтап бояп, суретімізді аяқтау.
- Ұсақ детальдарды бейнелеу

(Қажетті құралдар: қағаз, қарындаш, акварель бояуы, қылқалам, су.)

27- тақырып. Жазғы пейзаж-6сағат.

Мақсаты: бейнелеу жолдарын түсіндіру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру.

Тапсырма: жазғы табиғат бейнесін салу.

Сурет салу кезеңдері:

- Көкжиек сызығын бейнелеу. Алыс-жақын бейнелерді қағаз бетіне перспектива заңдылықтарына байланысты орналастыру.
- Бейнелер көлеңкелерін кеңістікте бейнелеу. Алыстағы бейнелерді солғын түстермен бояу, жақын бейнелерді ашық түстермен келтіру.
- Боялмаған көріністерді бояу, жақын тұрған бейнелерді анықтап бояп, суретімізді аяқтау.
- Ұсақ детальдарды бейнелеу

(Қажетті құралдар: қағаз, қарындаш, акварель бояуы, қылқалам, су,)

**Жылдық жұмыстарды дайындау
Көрме ұйымдастыру.**

Күтілетін нәтижелер

Білім алушылар келесі құзіреттіліктерді меңгеруі тиіс:

- Сонымен қатар дидактикалық материалдар, суреттер, кітапшалар, слайдтар, бейне Бұл бағдарлама бүгінгі талаптарға сай қажетті көрнекіліктер мен жабдықталып іске қосылған кабинетте жүзеге асырылады.
- Қолөнер үйірмесі сабағынның негізгі бағыты үйрету, оқыту, игерту болып табылады.
- Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдар жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді
- Сонымен бірге оқушы салт –дәстүріміздегі қолөнеріміздің адам айтқысыз қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екендігін жете түсіне білуі керек.
- Қолөнер үйірмесінде халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршен қолөнерін жасап үйренеді.
- Сәндік- қолданбалы өнердің негізгі ерекшеліктерін білу.
- Арнайы терминология білу
- өхін-өзі дамыту мақсатында өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейте отырып, сәндік-қолданбалы өнердің жаңа түрлерін саналы түрде меңгеру.
- Заттарды әшекейлеу тәсілдері мен дағдыларын меңгеру.
- Түрлі құрал-жабдықтармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдыларын меңгеру.
- Қауіпсіздік техникасын ескере отырып, өз бетімен жұмыстану.
- Сәндік-қолданбалы өнер шығармаларында көркем бейнелерді құру үшін бейнелеу мен техникалық құралдарды саналы түрде таңдай алу.
- Үйлесімді түстік үйлестіру мүмкіндіктерін сауатты пайдалану.

6-9 сыныптарға арналған оқу-тақырыптық жоспары

Апталық сағат саны-3

Жылдық оқу аптасының саны-36

Жылдық сағат саны-108

Күнтізбелік жоспар

№	Өтілетін тақырыбы	Барлық сағаты	Осының ішінде		Күні
			Теориялық жағы	Тәжірибелік жағы	
1	2	3	4	5	6
1.	Кіріспе ұйымдастыру жұмыстары. Технологиялық мәліметтер.Мақсаты, маңызы, қолданылуы, әдіс-тәсіл жұмыс түрлері. Қажеттілік материал әзірлеу, жұмыс орны ережелерімен таныстыру.	3	3		19.09
2.	Панно. «Гүлдер» композициясы	9	3		26.09
2.1	Фоамираннан гүлдер жасау.			3	03.10
2.2	Гүлдерді бір композицияға біріктіру, композиция құрастыру.			3	10.10
3.	Креативті сәндік бұйымдар, букет гүлдер дайындау. Қажетті құралдарымен таныстыру.	12	3		17.10
3.1.	Букет гүл дайындау үшін фоамиран қағазын пайдалану. Қажетті қиықтармен жұмыстану.			3	24.10

3.2.	Букетті орайтын қағаздарды дайындап, жасалған гүлдерді біріктру.			3	31.10
3.3.	Букетті жасақтау. Әртүрлі сәнді материалдарды пайдалану.			3	7.11
4.	Декоративті бұйым жасау.(тарелкаға сурет салу)	12	3		14.11
4.1.	Тарелкаға клей жағып, дайындап алу. Нобайын қағазға түсіру.			3	21.11
4.2	Нобай бойынша тарелкемізге сурет салу, сурет салу заңдылықтарын есте сақтау.			3	28.11
4.3	Түстік шешімде көрсете білу, жұмысты аяқтау.			3	05.12
5.	Пейзаж жанрында суреттер салу(этюдтар).	9	3		12.12
5.1	Шабыттану әсері.			3	19.12
5.2	Шабыттану әсері.			3	26.12
6.	Кесте тігу. Жалпылама түсініктеме.	12	3		02.01
6.1	Тігіс түрлерімен танысу			3	09.01
6.2	Тігіс түрлеріне қол жаттықтыру			3	16.01
6.3	Тігіс түрлеріне қол жаттықтыру			3	23.01
7.	Нобайын дайындау	6		3	30.12
7.1	Нобайын түстік шешімде көрсету			3	06.02
8.	«Ағаш» бейнесі кестелеу.	18	3		13.02
8.1	Құрал-жабдықтарын түгендеу.			3	20.02
8.2	Жіптерін, қайшы, кергіш мата, инесін дайындау. Матаны кергішке керу. Кергішке керілген мата үстіне нобайды көшіру.			3	27.02
8.3	Қауіпсіздік техникасын сақтай отыра, кесте тігуді бастау.			3	06.03
8.4	Ағаштың діңін және жапырақтарын кестелеу. Француз түйіншігі тәсілін пайдалану.			3	13.03
8.5	Кестемізді аяқтау.			3	20.03

9.	«Қыз» бейнесі кестелеу.	18	3		27.03
9.1	Кергішке матаны керіп дайындау.			3	03.04
9.2	Нобайын дайындап алу.			3	10.04
9.3	Керілген матаға дайын нобайды көшіру, қауіпсіздік техникасын ескере отырып, кестені бастау.			3	17.04
9.4	Нобай бойынша көрсетілген түстік шешімдер арқылы, қыздың сырт келбетін кесте тігістері арқылы көрсету. Көлемді шашты тігу жолдарын үйрену.			3	24.04
9.5	Кестемізді аяқтау.			3	01.05
10.	Жұмыстарды дайындау.	6		3	08.05
10.1	Жұмыстарды дайындау.			3	15.05
11.	Көрме ұйымдастыру	3		3	22.05
		108	15	93	

Оқу бағдарламасының мазмұны

1-тақырып. Кіріспе ұйымдастыру жұмыстары. Технологиялық мәліметтер.Мақсаты, маңызы, қолданылуы, әдіс-тәсіл жұмыс түрлері. Қажеттілік материал әзірлеу, жұмыс орны ережелерімен таныстыру.-3 сағат

Мақсаты: шығармашылық дағдыларын дамыту. Сәндік-қолданбалы өнер шығармаларында жоғары көркемдік бейнелерді құрудағы өнертапқыштық мүмкіндіктерін кеңейту.

Міндеті: сәндік-қолданбалы өнердің жаңа түрлерімен, тәсілдерімен танысу.

Құрал-жабдықтар пайдалану барысында оқушылар:

- ине, қайшы, бізбен жұмыс жасауды;
- қол тігістерін орындап, техникалық қауіпсіздік ережені сақтауды;
- қиып, қосып біріктіру тігістерін орындай білуі;
- жапсырма жұмыстарға желімді пайдалануды;
- құрал-жабдықтар мен өлшем таспаны қолдана білуі;
- түстерді дұрыс сәйкестендіре білуі;
- сурет сала білуі;
- бұйымды эскизін орындай білуі;

- ине жіптерді әр түрлі бұйымдарға қолдана білуі;
- шаблон үлгілерін дайындауды білуі;
- технологиялық карталармен жұмыс істей білуі;
- үтікпен жұмыс жүргізуді білуі.

Еңбек қауіпсіздік ережелері, инемен жұмыс істеу тәртібі:

1. Инені ине түйрегішке ғана түйреп салу керек;
2. Инені киімге түйреуге, ауызға салуға болмайды;
3. Жіпті тістеп кесуге болмайды;
4. Инені алушыға сабақталулы жағымен беру керек;
5. Сынған инені жерге тастауға болмайды.

Үтікпен жұмыс істеу тәртібі:

1. Үтіктер алдында өткізгіштің үзілген жерін тексеру керек;
2. Ылғалды қолмен тоққа қосылатын үтікті ұстауға тыйым салынады.
3. Үтікті мата түріне қарай қыздыру керек.

Қайшымен жұмыс істеу тәртібі:

1. Қайшыны жолдасыңа үшкір жағын өзіңе қаратып бер;
2. Қайшының жүзін жабық түрінде келтіріп, партаның оң жағына қой.

Желіммен жұмыс істеу тәртібі:

1. Желім құйылған ыдыстың аузын нығыз жабылуы керек;
2. Желіммен жұмыс жасап болғаннан кейін, міндетті түрде қолыңды жууың керек;
3. Жұмыс кезінде арнайы сүлгі ұстауың керек.

Сән және қолданбалы өнер - сән өнерінің бір саласы, тұрмысқа қажетті көркем, жиһаздық заттарды жасайтын шығармашылық түрі. Негізінен, түрлі үй жиһаздарын (жиһаз, зергерлік ою-өрнекпен әшекейленген заттар, тіршілікке қажетті сәндік құрал-жабдықтар, сувенирлер, құмыра, сый кеселер, т.б.) жасайды. Сән және қолданбалы өнерінің материалдары - металл, керамика, ағаш, қыш, шыны, асыл тастар, сүйек, былғары, т.б. Негізгі техникалық әдістері көркем оймыш, шекіме, көркем жазба, кесте, құйма, т.б. Ол сүйек, ағаш, тері өңдеу, бедерлеу, зергерлік, инкрустация, фарфор, фаянс, кілем тоқу, көркем мата жасау секілді салаларға бөлінеді. Сән және қолданбалы өнер келелі өндірістік, технологиялық міндеттерді атқарғанымен, өз дәуіріндегі өнер мен мүліктік мәдениеттің даму дәрежесіне тәуелді болып, дәстүрлі, жергілікті этникалық ұлттық ерекшеліктің негізінде дамиды

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерін, оның технологиясын оқушыларға бірізділікте меңгертуде көмектеседі. Еңбекке баулудағы оқу мазмұнының сабақтастығы технологиялық процестердің типтеріне, пайдаланылатын сәндік-қолданбалы өнер материалдарының өзіндік сипаты мен жасалу тәсілдеріне қарай негізделуі керек. Оқушылардың технологиялық мәдениетін қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері арқылы қалыптастыру процесі оның мазмұнын нақтылауды талап етеді. Біз теориялық бөлімде берілген қағидаларды негізге ала отырып *технологиялық мәдениеттің* мазмұндық компоненттерін саралап аламыз: *эмоционалдық-мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік*. 5-9 сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып әрбір компоненттің мазмұнына тоқталамыз. *Сәндік-қолданбалы өнер түрлері мазмұнын сұрыптауда біз дидактикада қалыптасқан принциптермен бірге* (жүйелілік, түсініктілік, көрнекілік, ғылымилық, саналылық,

бірізділік, белсенділік) қазіргі теория мен практикада сирек пайдаланылатын, сәндік-қолданбалы өнер түрлері арқылы оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыруда тиімді нәтиже беретін *жаңа принциптерге де* (дамыту принципі, әлемдік бейненің тұтастық принципі, мәдениетке сәйкестілік принципі, технологиялық білім беру мазмұнының вариативті принципі, проблемалық принципі) аса мән береміз.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері түрлерін меңгерту процесінде оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында әртүрлі *әдіс-тәсілдерді* (сөздік, көрнекілік, аудиокөрнекілік, практикалық, салыстыру, теңестіру, ақпараттық, эвристикалық, қорытындылау, іздестіру және т.б.) пайдаланамыз.

Соңғы жылдары «Технология қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін меңгерту мәселесіне аса мән беріп отыр. Бұл орынды да, өйткені қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктері өте жоғары

2-тақырып. Панно. «Гүлдер» композициясы-9сағат

Мақсаты: Панно жасау технологиясын оқушыларға үйретуе отырып.сәнді қолданбалы өнердің жаңа түрімен таныстыру.өз қолдарынан сыйлық жасауды үйрену.

Міндеті: оқушылардың ой-қиялын, есте сақтау, көру, еркін сөйлеу қабілетін дамыту, саусақ майда моторикасын және тіл дамыту. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Панно өнер туындысы.Мәдени орындар мен үй ішін көркемдеу үшін жасалады.

1.Икебано-жасанды гүлдер мен табиғи материалдан жасалған панно.

2.Түрлі-түсті қағаздан жасалған панно түрлері де болады.

3.Матадан,лентадан жасалған гүлдер панносы.

Панноның жобалау кестесін тауып көрейік.

ПАННО-

1.Материал қымбат емес.

2.Төзімді сапалалы.

3.Әдемі дизайн.

4.Ерекшелігі мол.

5. Жасалуы көркем.

6.Тез табылады.

7.Экономикалық шығын.

8.Бұйым мөлшері ерекшелігіне сай.

Тапсырма: гүлдер жасау.

Қажетті құралдар: қайшы, қағаз, фоамиран, джут жібі, таяқшалар, клей және т.б.

3-тақырып. Креативті сәндік бұйымдар, букет гүлдер дайындау-12 сағат.

Мақсаты:сәндік- қолданбалы өнердің жаңа түрімен таныстыру.өз қолдарынан сыйлық жасауды үйрену.

Міндеті: оқушылардың ой-қиялын, есте сақтау, көру, еркін сөйлеу қабілетін дамыту, саусақ майда моторикасын және тіл дамыту. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Сәндік қолөнер дегеніміз – қолмен немесе құралдармен, техникамен өндірілетін қолданбалы, сәндік, сувенирлік бұйымдар түрлерін ұқсатып жасаудағы ойлардың, материалдар мен көркемдік шешімдердің, техникалар мен технологиялардың, ұлттық нақыштардың жиынтығын құрайтын өнер түрі.

Балалардың қабілеттері мен дарындылығының түпкі бастауы – олардың саусақтарының ұшында. Көркемдеп айтқанда саусақтан шығармашылық ойлардың негізін нәрлендіретін жылғалар ағады. Балалардың өз іс-әрекеттерінде сенімділігі мен жасай білу қабілеті артқан сайын, олар еңбек құралдарын қолдануға икемді болады; осы іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қажетті қимылдар күрделенген сайын, баланың рухани өміріндегі қоғамдық еңбекпен, табиғатпен өзара

байланыстары күшейеді. Басқа сөзбен айтқанда, баланың қабілеті артқан сайын, ақылыда толыса түседі

Енді осы шеберліктерімізді пайдалана заман ағымына сай заманауи сәндік бұйым-гүлдер шоғын жасаймыз.

Тапсырма: гүлдер шоғын заманауи тұрғыда жасау.

Қажетті құралдар: қайшы, қағаз, фоамиран, джут жібі, таяқшалар, клей және т.б.

4-тақырып. Декоративті бұйым жасау.(тарелкаға сурет салу)-12 сағат.

Мақсаты: сәндік- қолданбалы өнердің жаңа түрімен таныстыру.өз қолдарынан сыйлық жасауды үйрену. Балаларды белгілі бір тұтынатын бұйымдардың пішініне сәйкес ою-өрнектермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету, қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануды, нүкте арқылы ою жасауды, әсемділікті қабылдай білуге тәрбиелеу.

Міндеті: оқушылардың ой-қиялын, есте сақтау, көру, еркін сөйлеу қабілетін дамыту, саусақ майда моторикасын және тіл дамыту. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Тапсырма: Тарелканы әшекейлеп сурет салу.

Қажетті құрал-жабдықтар: бояу, қылқалам, қағаз, су, сүлгі, тәрелкенің үлгісі

Орындалуы:

- Нобайын салу
- Тарелкеге көшіру
- Сурет салу заңдылықтарын ескере бояуға көшу.
- Тастармен сәндеу.

5-тақырып. Пейзаж жанрында суреттер салу(этюдтар). Шабыттану әсері.-9сағат.

Мақсаты: бейнелеу жолдарын түсіндіру.

Міндеті: Ойын жеткізе білуге, тапсырмаларлы дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыланады. Сурет салу дағдысы қалыптасады.Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Тапсырма: еркін тақырыптарда сурет салу.

Сурет салу кезеңдері:

- Көкжиек сызығын бейнелеу. Алыс-жақын бейнелерді қағаз бетіне перспектива заңдылықтарына байланысты орналастыру.
- Бейнелер көлеңкелерін кеңістікте бейнелеу. Алыстағы бейнелерді солғын түстермен бояу, жақын бейнелерді ашық түстермен келтіру.
- Боялмаған көріністерді бояу, жақын тұрған бейнелерді анықтап бояп, суретімізді аяқтау.
- Ұсақ детальдарды бейнелеу

(Қажетті құралдар: қағаз, қарындаш, акварель бояуы, қылқалам, су,)

6-тақырып. Кесте тігу. Жалпылама түсініктеме. Тігістерді көрсету, нобайлар жасау, тігіс түрлерін меңгеру – 12 сағат.

Мақсаты: сәндік- қолданбалы өнердің жаңа түрімен таныстыру.өз қолдарынан сыйлық жасауды үйрену.

Міндеті: оқушылардың ой-қиялын, есте сақтау, көру, еркін сөйлеу қабілетін дамыту, саусақ майда моторикасын және тіл дамыту. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Кестелеу – өнері Кесте – сәндік қолөнердің халық арасына кең тараған нәзік түрі. Кестенің алғашқы үлгілерін Пазырық және Ноинұлан (б.з.б. 5ғ.) қорғандарынан табылған құрал-жабдықтардан (түскиіз, түскілем, киім-кешектер, жауынгерлердің сыртқы су қағарлары, шекпен, комзол, желең) көруге болады. Кестені мата, тері, киіз т.б. материалдар бетіне жіптермен зерлеп әр түрлі суреттер мен ою-өрнектер салып тігеді. Кесте инемен, бізбен және кесте тігетін машинамен тігіледі Кейде кесте моншақтар, інжу, маржан т.б. асыл тастар тағу арқылы өрнектеледі. Кестені бұйым бетіне тегіс бастыра немесе топ-топтап әр жеріне тігеді. Бүкіл материалды бастыра тігу үшін шалыс, жатық, терме, жөрме, тігістер қолданылады. Геометриялық кескінді бейнелейтін кесте жіп санап тігілсе, ирек өрнектер

әр түрлі гүл шоқтарын, ою-өрнек суреттер алдын-ала жүргізілген ізді қуалай тігіледі. Сонымен бірге матаның кесте түсер тұстарының жібін суырып тастап немесе қалың материал бетін алдын-ала ойып алып та тігіледі. Кесте тігу өнері – қазақ халқына өте ертеден тараған. Байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кестені зерлеп, маржандап, торлап, түктеп тігу тәсілдері кездеседі. Қазақ салтында үй жиһаздарын (түскиіз, киім жапқыш, төсек жапқыш, терезе перделер, шымылдықтар, үзік-туырлықтар), киім-кешектер (көйлек, тақия, камзол, кеудеше) аяқ киімдерін (мәсі, кебіс, жеңіл етіктер) қол орамалдар мен ертұрмандарды т.б. безендіру үшін кестені көп пайдаланған. Алтындап, күмістеп тігу сән-салтанат бағалы бұйымдарға тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, пүліш, атылас, қырмызы сияқты бағалы маталар пайдаланылады. Алтындап тігуде, көбінесе бедерлі, бедерсіз өрнектер бастыру әдістері қолданылады. Кесте түрлері де қазіргі өмір талабына сай ерекшеленіп, жаңа түр – мазмұнға ие болуда. Кестенің түрлері – біз кесте, баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), кенебе ине, т.б. түрлері белгілі. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар. Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген матаның бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді. Кесте санап тігілетін (жіпті санап отырып кестелеу) және еркін (сурет нұсқасы бойынша, санамай еркін тігу) кестелеу деп бөлінеді. Жай тігістер. Сабақты кесте. Кестенің бұл түрін тігу үшін өрнектің нұсқалары пайдаланылады. Оларды тіккен кезде ине кері шаншылады. Әр бір жаңа тігіс осылай түседі. Жіпті бекітіп, инені матаның кесте түсетін бетіне шығарған соң оған 2 – 4 жіпті іліп алу керек. Жіпті шығарып алған соң инені қайта шаншып, оған алғашқы тігіске қанша жіп алынса, сонша жіп іліп алады. Тігістердің біркелкі болуын қадағалау және инені екінші, үшінші, одан кейінгі алдыңғы тігістің ортасынан шығарып отыру керек. Біз кесте. Кестенің бұл түрімен кейбір контурлы ою-өрнектер немесе гүлдің сабағы кестеленеді. Тігу мәнері жағынан ол көлемі біркелкі ілмектер шынжыр секілді бір-біріне тіркесе тігіледі. Шынжырлардың формасы мен көлемі әр түрлі болып келеді. Барқыт тігісі. Кестенің бұл түрімен балалардың киімдерін әшекейлейді. Оның үстіңгі жағы айқасып келеді де, қатар бағытта екі қатар тігіс түседі. Кестенің бұл түрімен кестелегенде жіптерді санап, есептеп отырады. Егер кесте тігінен тігілетін болса, онда материалдың екі шетін қатар екі сызықты белгілеп алады. Қалың маталарда 2 жіптен сыру керек. Бұл тігісті кестелеудің басқа түрлерімен кішілеу гүлді және жапырақ сияқты бейнелерді кестелеген кезде кездеседі. Шым кесте. Тігілген матаның ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестеленген шымқай кесте. Екі жақты түрлі – түсті шым кесте ол кестенің бір қарапайым түрі. Кішкентай және орташа формадағы өсімдік бейнесімен геометриялық өрнектерді эмблемаларды тігуге қолданылады. Түскиіз, сандық, мақпал шапан, сәнді сүлгілер, жастықтың тысы және жастық жапқыш, сәукеле т.б. заттарға тігіледі немесе бөлек матаға тігіліп қондырылады. Баумен кестелеу. Киімді кестелеу үшін, немесе шымылдық, терезе перде төсек жапқыш т.б. пайдалануға болады. Жіптерден (жүн, жылтырақ жіп қосылған жартылай жүн) ширатылған баумен немесе дайын баулармен тігеді. Бауды ілгекпен де /крючок/ тоқуға болады. Баудың жуандығы мен түрі кесте тігілетін бұйымның қандай екендігіне байланысты. Міне осындай өнерді қазақ халқы қыз балаларға кішкентайынан үйреткен. Қыз бала ер жетіп келе жатқанда оның болашақ жасауын аналары өзіне дайындататын болған. Ол еңбекпен келетін дүниенің қымбат бағаланатынын жастайынан білетін болған

- Орыс кестесі - бұл кесте "инені алға салу" әдісімен матаның түзу жібі бойымен тігіледі, инені оң жағынан 1 мм жерден өткізеді. Өрнектің бәрін бір бағытта түсетін тігіспен тігеді. Иненің жанындағы тігістің ортасына таман шаншып, келесі қатардың тігісін түсіреді. Кестелеген кезде тігістердің арасынан мата көрінбейтіндей етіп кестелейді. Ол үшін тігістердің арасы өте жиі болуы тиіс (бос ширатылған жіппен тіккен дұрыс). Орыс кестесімен ақ сары және сұр түсті маталарды ақ жіппен кестелейді. Сондай-ақ жастық, жастық тысына, дастарқанға, т.б. ұсақ тор көздермен үйлестіріп, әдемі кестелер төгеді. Матаға тор көзді жасау үшін тор көз түсетін жердің бір шетінен келесі шетіне дейін жіпті шаршылап таратып, жіптердің қиылысқан жерін ұсақ көлденең тігістермен бекітеді.

- Қиып кестелеу. Бұл кестемен көрпенің, жастықтың тыстарын, көйлек, жейдемелерді кестелейді. Кестелеу мәнері ақ кестемен ойып торлуға ұқсайды, айырмашылығы формасының тек қана дөңгелек емес, сопақша да болып келуінде.

Ришелье - ойма кесте. Өрнектелетін материалды өрнек мәнеріне қарай тесіп алады да, оны торлай ортасын кереге көздеп, шалу арқылы түрлі өрнек салады. Көрпенің, жастықтың тыстарын, салфеткаларды, бет орамалдарды, киімді өрнектеуге қолданылады. Сурет нұсқасын "инені алға салу" әдісімен бір рет немесе бірнеше рет жүргізеді. Мұнымен бір мезгілде өрнектердің арасынан брид жасалынады.

- Оларды 3 түрлі тәсілмен жасауға болады:
 - o орау, ілмек, тігіспен тігу немесе негігі тігістің астынан қосымша тігіс түсіру;
 - o сосын өрнектің бәрі шетінен қиятын жаққа қарай бағыттталып, тығыз етіп ілмек тігіспен тігіледі;
 - o өрнек дайын болған кезде өрнек сызығы мен шетінің арасындағы материал қайшымен қиып тасталынады.

Бұл кестеде тігілетін өрнектер қалдырылып фоны қиылып тасталады. Тығыз тоқылған маталарға кестеленеді, [мақта](#), ирис және [жібек](#) жіптер пайдаланылады.

Керекті құрал-жабдықтар[[өңдеу](#)]

- Кестелуді қолмен тігу үшін [жіп](#), [мата](#), [ине](#) (көзі кең, қысқа), [қайшы](#), [оймақ](#), түйреуіш, [желім](#), [біз](#) және дөңгелек [кергіш](#) қажет.
 - o Матаның қалыңдығы кесте жібінің жіңішке, жуандығына және тігістің шаншылым жиілігіне сай келуі керек. Мата қалыңдау болғаны дұрыс, бірақ тігісті тартып, иненің өтуін қиындатпауы керек, мата өте жұмсақ болса да тіккен кесте бедері әдемі көрінбей қалады. [Кенеп](#) матаның құрылымы қандай мөлшердегі болсын иненің өтуіне оңай, иненің қалдырған ашық іздері басқа маталарға қарағанда кейін тез жабылып кетеді. Өте нәзік [бұйымдарды](#) кестелеуге өте жұқа бірақ құрылымы тығыз маталарды пайдаланған жөн, себебі ол жұмысқа қосымша айқындық әсер беріп тұрады. Айқас тігіс сияқты санап тігілетін кестелерге канва ыңғайлы. Канвалар жіптердің санына, тығыздығына қарай әр түрлі нөмірлі болады. Нөмір санының өсуіне қарай канваның көздері кішірейе береді.
 - o Иненің жуан-жіңішкелігі кесте тігілетін материалдың қалыңдығына және жіптің жуан-жіңішкелігіне (нөмеріне) байланысты болады. Кесте тігудегі ең басты [құралдың](#) бірі болғандықтан иненің [сапасының](#) жоғары болғаны дұрыс. Кестенің түрлеріне қарай инелердің де түрлері әр түрлі болады. Жіптің жеңіл сабақталуы үшін иненің көзінің үлкен болғаны дұрыс. Өте ірі инемен кестеленген кесте тегіс болып түспейді.
 - [Жүн](#) маталарды кестелеуге ұзындығы орташа ([көлемі](#) 1-10) емес, бірақ жіп өтетін көзі үлкен, ұшы сүйір ине қолданылады.
 - Ұшы сүйір (көлемі 13-26), ұзын және жуан, көзі үлкен ине материалды жуан жіптермен кестелеу үшін қолданылады.
 - Тегіс тоқылған және селдір матаны (канвалауға) кестелеуге ұшы доғал (өлшемі 13-26) ине пайдаланылады. Мұндай ине матаның жіптерін суырмайды, түтпейді.
 - o Жіптің [ұзындығы](#) 50-60 см. артық болмауы керек. Кесте жіптердің бірнеше түрлерімен кестеленеді:
 - Ширатылған [мақта](#) жіп - әдетте жеңіл бөліп алуға болатын алты қабаттан тұрады. Кейбір мұндай ширатылған жіптерді бөлмей сол күйінде пайдаланады. Канваға кестеленетін кестелерден басқа түрлеріне қоладана береді.
 - Ширатылған [жібек](#) жіп - алты қабаттан тұрады, мақта жіптер сияқты пайдаланылады, ерекшелігі жібек жіп жарқырап кесте түрін ашып тұрады.

- Ирис - ширатылған жылтыр жіп кестенің көп түрлеріне қолданылады.
- Кесте тігуге арналған жұмсақ мақта жіп - көбіне канва және қалың маталарды кестелеуге қолданылады.
- Металл жіптер.
- Жіңішке жүн жіп - қос қабатты жіңішке жүн жіппен маталарды, сонымен қатар канваға тігілетін әдемі өрнектерді кестелеуге жарамды.
- Қайшының ұшы үшкір, ұзындығы 10-12 см. болғаны дұрыс.
- Оймақ - қалың маталарды кестелеген кезде қолды жарақаттамай матаға иненің кіруін жеңілдетеді. Оймақтар қандай материалдан жасалса да ортаңғы саусаққа киюге ыңғайлы болғаны дұрыс.

Кестелеу кезінде жіпті түйіншектеуге болмайды.

- Кестелеуді бастар алдында жіпті матаға бекіту тәсілдері:
 - бірінші тәсіл - инені бірнеше рет шаншып, ұсақ тігістер жасап алу керек, ол жер артынан кестемен жабылып кететіндей болуы тиіс;
 - екінші тәсіл - инені бір рет шаншып алып, жіпті матадан ақырына дейін суырмай, қалған ұшын екінші рет ине шаншып, үстінен тігіп алу керек, жіптің ұшын қиып тастап, оның үстін кестемен бастырады;
 - үшінші тәсіл - екі қабатталған жіпті тұйықталмаған ұшынан сабақтап, инені матаның астынан үстіне қарай шығарып, жіпті ақырына дейін тартпай, инені қайта төмен шаншу арқылы жіптің тұйықталған ұшын бастыра тартады.
 - Кестені бітірер кезде кестелеп отырған жіпті жиі шаншып, суреттің астына жіберіледі.
- Ұсақ бұйымдарды әдетте дөңгелек кергіште кестелейді. Матаны кішілеу кергішке салып, үстінен үлкен шеңберді салады да кереді.
- Суретті матаға көшіргі қағаз арқылы калькаға түсіріп, сосын сурет нұсқасын түрлі-түсті қарындашпен сызады. Жібек маталарға сурет түсіру үшін суреті бар қағазды матаға салып сурет нұсқасын көктеп шығады да қағазды жыртып алып тастайды.

7-тақырып. Нобайын дайындау(нақты түстермен келтіру)-6сағат.

Мақсаты: сәндік- қолданбалы өнердің жаңа түрімен таныстыру. өз қолдарынан сыйлық жасауды үйрену.

Міндеті: оқушылардың ой-қиялын, есте сақтау, көру, еркін сөйлеу қабілетін дамыту, саусақ майда моторикасын және тіл дамыту. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Тапсырма: кестелеуге арнайы нобайымызды дайындау, түстік шешімдерін көрсету.

Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті қарындаштар немесе фломастерлер, қағаз, карандаш.

8-тақырып. «Ағаш» бейнесі кестелеу-18сағат

Мақсаты: сәндік- қолданбалы өнердің жаңа түрімен таныстыру. өз қолдарынан сыйлық жасауды үйрену.

Міндеті: оқушылардың ой-қиялын, есте сақтау, көру, еркін сөйлеу қабілетін дамыту, саусақ майда моторикасын және тіл дамыту. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Тапсырма: «Ағаш» бейнесін кестелеу.

Құрал-жабдықтар: жіптер, кергіш(пяльцы), ине, қайшы, мата, дайын нобай, қалам.

Орындалуы:

- Кергішке матаны керіп аламыз
- Дайын нобайымызды керілген матамызға көшіреміз.
- Нобай бойынша кестелеуді бастаймыз.

9-тақырып. «Қыз» бейнесі кестелеу-18 сағат.

Мақсаты: сәндік- қолданбалы өнердің жаңа түрімен таныстыру. өз қолдарынан сыйлық жасауды үйрену.

Міндеті: оқушылардың ой-қиялын, есте сақтау, көру, еркін сөйлеу қабілетін дамыту, саусақ майда моторикасын және тіл дамыту. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Түрлі құрал-жабдық пен материалдармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысын қалыптастыру

Тапсырма: «Қыз» бейнесін кестелеу.

Құрал-жабдықтар: жіптер, кергіш(пяльцы), ине, қайшы, мата, дайын нобай, қалам.

Орындалуы:

- Нобайын дайындап аламыз
- Матаны кергішке кереміз
- Дайын нобайымызды керілген матамызға көшіреміз.
- Нобай бойынша кестелеуді бастаймыз.

Жұмыстарды дайындау.

Көрме ұйымдастыру

Оқу бағдарламасын әдістемелік қамтамасыз ету

Көрнекі құралдар:

- қауіпсіздік техникасы
- бейнелеу өнері түрлері
- сәндік қолданбалы өнер түрлері
- жұмыстарды, туындыларды кезең-кезеңімен орындау.

Кабинетті міндетті жарақтандыру

- үстелдер, оқушылар орындықтары
- суреттерді орналастырған шкафтар
- жардағы бейнелер

Сурет салуға арналған құралдар:

- қағаздар
- қылқаламдар
- әртүрлі жұмсақ материалдар

Кестелеу:

- кергіштер(пяльцы)
- жіптер(мулине)
- ине
- қайшы
- мата

МАЗМҰНЫ

- Түсініктеме
- Күтілетін нәтижелер
- 1-5 сыныптарға арналған оқу-тақырыптық жоспары
- Оқу бағдарламасының мазмұны
- Күтілетін нәтижелер
- 6-9 сыныптарға арналған оқу-тақырыптық жоспары
- Оқу бағдарламасының мазмұны
- Оқу бағдарламасын әдістемелік қамтамасыз ету
- Қолданылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі

Қолданылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі

1. Грабарь И.Э. «Серов – рисовальщик». М, «Академия художеств СССР», 1961ж
2. Кузин В.С. «Вопросы изобразительного творчества». М, «Просвещение», 1971ж.
3. Кузин В.С. «Наброски и зарисовки». М, 1981ж.
4. Паррамон Х.М. «Основы рисунка». М, 1994ж.
5. Ростовцев Н.Н «Академический рисунок». М, «Просвещение», 1973ж.
6. Ростовцев Н.Н. «Учебный рисунок». М, 1985ж.
7. Ростовцев Н.Н. «История методов обучения рисованию. Русская и советская школа рисунка». М, 1982ж.
8. «Учебный рисунок в Академии художеств». М., 1990ж.
9. Г.Қажиева. «Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және басқару» Алматы, 2014
10. Наралиева Рахила Турсыновна «Оқу бағдарламасы туралы нұсқаулық»

11. Ақбаева Ш.Ә «Бейнелеу өнерін оқыту» Алматы, 2007.
12. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Бейнелеу өнері» 1-6 сыныптарға арналған оқулықтар.
13. Ғаламтор сайттарына жарияланған мақалалар
14. «Бейнелеу өнері және сызу» Республикалық оқу танымдық журналдары
15. С. Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері. А., 1969.
16. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы., 4 том., А., 2002.
17. Қ. Әмірғазин. Қазақ қолөнері. А., 1996.
18. Маргулан А.Х. Казахское народное Прикладное искусство- Алма-Ата: Өнер 1986, 256 бет.
19. Шоқпарұлы .Д. Тері өңдеу өнері, Мектептегі технология